

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.194-195

## **«ҚАЗ-ФЛОР АСТАНА» ЖШС-НІҢ ЖЫЛЫЖАЙ ЖАҒДАЙЫНДА ҚЫЗҒАЛДАҚТЫ (TULIP) ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

*Нығыметова Д.М.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған «Қазақстан-2050» жаңа стратегиясы «жасыл экономика» стратегиясымен үндес. Тұжырымдаманың экономика секторлары бойынша нақты тапсырмаларын орындау құралдары келесі бағдарламалық құжаттар болып табылады: «Агробизнес-2020» 2013-2020 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламалары, 2010-2019 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы және басқа да салалық бағдарламалар болып табылады [1]. Жасыл экономика негізінде-таза немесе «жасыл» технологиялар, елді мекендерді көгалдандыру мақсатында мамандардың айтуынша, «жасыл» экономиканы дамыту елімізге экологиялық дағдарыстың алдын алуға мүмкіндік береді [2].

Жылыжай негізіндегі «Қаз-флор Астана» ЖШС өсімдік шаруашылығын, гүл өсірумен айналысатын еліміздегі ең ірі, сенімді, әрі серпімді 5 жылдан артық сәтті дамып келе жатырған компаниялардың бірі. «Қаз-флор Астана» ЖШС қалалық және облыстық әлемдік технологияға сай безендіруде жетекші сектор болып табылады. Осы орайда Қазақстанның барлық өңірлерінде жылыжайды ыңғайлы жүйесімен дамытуды көздеп отырған компания болып саналады. Қазіргі заманға сай «Қаз-флор Астана» ЖШС жылыжай жағдайында голландиялық 500-ден астам түрлі бөлме өсімдік түрлері, жаңадан кесілген қойма (Эквадор, Колумбия, Голландия, Қазақстан) және кәсіби гүлдер салондарын безендіруге арналған көптеген гүлдер өсіріледі.

«Қаз-флор Астана» ЖШС - Таяу және Алыс шетелдермен Голландия, Чехия, Германия, Бразилия, Ресей елдерімен тығыз жұмыс істейді. Сонымен қатар Қазақстандағы қала, облыс, аудандарды көгалдандыру жөніндегі жұмыстармен Астана қаласы ғана емес, сондай-ақ еліміздегі көптеген қалалары, атап айтсақ Павлодар, Ақтөбе, Тараз, Шымкент, Алматы, Атырау

т.б қамтамасыз етеді. Осы еліміздердегі барлық аудандарға гүлдерді тасымалдау үшін көп қызметті авторефрижераторлар қолданылады.

Көктемдік, жаздық гүлдік дақылдардың ішінде осы жылыжай жағдайында өсірілетін және кең таралғаны - қызғалдақ. Қызғалдақтың пайда болу орталығы Орта Азия болып есептеледі.

Қызғалдақ (лат. *Tulipa*) - лалагүлдер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін пиязшықты өсімдік. Өсіру технологиясында, пиязшықтан бөліп алынған балапандарын отырғызу арқылы көбейтіледі. Суық түскенше тамырланып үлгеруі үшін, күздің алғашқы айларында егу керек. Отырғызу тереңдігі пиязшық көлемінен екі-үш есе терең болуы тиіс (пиязшықтың ұзындығы 4 см болса 8-12 см тереңдікте егу керек). Пиязшықтардың арақашықтығы биіктігіне қарай 10-20 см-ден кем болмағаны жөн. Ал жалпы қазақ жерінде қызғалдақтың 30 астам түрі бар. Қызғалдақ гүлдерін Іле, Жетісу (Жоңғар) Алатауында, Кетпен (Ұзынқара) жотасы мен Шу атырабынан көптеп кездестіреміз.

Ежелден бері ғалымдар зерттеп келген қызғалдақтың ең үздік сорттарын атап өтетін болсақ: Ruby Red (Руби Ред), Prince of Austria (Принц оф Австрия), Prins Carnaval (Принц Карнавал), Pink Trophy (Пинк Трофи), General de Wet (Генерал дэ Вет), Flair (Флэйр), және т.б сорттары кездеседі.

Neth J., PathPl., Sheer R., есімді ғалымдар өз зерттеулерінде қызғалдақтың өнімділігін жоғарлатуда, жапырақтарының және пиязшықтарының гүл шанақтарымен гүлтамырларының суару жүйесінде тыңайтқыштарды беру және топырақтың құнарлығын арттыру мақсатында басты көңіл бөлу қажет екендігін айтады [3].

Қызғалдақтың қоңыр жолақтар бойымен көктамырларымен сабақтарының қоңыр жансызданған жолақтары байқалған кезде аурулармен зиянкестерге қарсы төзімді жолақтарды байқаймыз, соның нәтижесінде қызғалдақтың әлсіз айқын көрінген белгілерін, дақтарын сұр-қоңыр түске айналған кезде гүл ауруға шалдыққанын байқайтынын Malvin J., Richard D., Levardi N., атты ғалымдар өз еңбектерінде атап көрсеткен[4].

Қызғалдақ гүлі күтіп баптауды көп қажет етеді. Гүлдеп бітіп, жапырағы мен сабағы қураған соң пиязшығын қазып алып, кептіріп, құрғақ орында сақтап қою керек. Күзде қайтадан қолайлы орынға егеді. Ашық күн көзін, құнарлы, жеңіл топырақты ұнататын гүлді өсімдік.

Сонымен қатар, BalkanR., Kavalla C., деген ғалымдар өз еңбектерінде яғни зерттеулерінде, шын мәнінде қызғалдақ гүлінің жабайы түрлерінде ерекше сырт көрінісімен бағалап, одан әр түрлі сорттарын алып, оның шығу тегімен жерге енгізу бағыттарын қарастырып олардан алуан түрлі сорттарды жасап шығарған және әлі күнге дейін бұл сорттарды қолданысқа енгізген[5].

Қазіргі кезде, «Қаз-флор Астана» ЖШС - де туындап тұрған шешімін табу керек мәселелерді атап өтетін болсақ:

- 1) Жылыжайдағы гүл өсіретін жер аумағын кеңейту және барынша тиімді жолдарын қарастыру;
- 2) Қызғалдақ гүлінің санын арттыра отырып, өсіру технологиясын жақсарту;

3) Қызғалдақ гүлін өсіруде, зиянкестермен ауруларды болдырмаудағы қорғау шараларын енгізу;

4) Тек елімізде ғана шектеп қоймай, өзге елге экспортқа шығаруды жүзеге асыруда еліміздің экономикасына үлес қосу.

Осы жоғарыда көрсетілген мәселелерді қорыта келе, алдағы уақытта қызғалдақтың көп түрлерін шығаруда және өнімділігін жоғарлатуда, өсіру технологиясын жетілдіру мақсатында, заманауи технологияларды қолдана отырып, аурулар мен зиянкестерді болдырмау жолдарын бақылап, қоршаған ортаға тиімді жағдайларды қарастыру ретінде төзімді түрлерін шығару жұмыстарын дамытуды жүзеге асыру маңызды мәселе болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, - 2012, 14 - желтоқсан. <http://www.akorda.kz/kz>

2 Райқұлов А.Б. Қазақстан Республикасын зерттеу: «Жас ғалымдар жаршысы» ғылыми журнал. - 2012. - 69 б.

3 Neth J., Path Pl., Sheer R. Tulips: An Ornamental Crop in the Andalusia middle Ages - 2007. P 195-200. <https://www.almanac.com/plant/tulips>

4 Malvin J., Richard D., Levardi N. The influence of light upon blueing of tulip bulbs, a disease of a physiological nature - 1998. P 57 - 65.

5 Balkan R., Kavalla C. Influence of soil temperature on field infection of tulip bulbs by *Fusarium oxysporum* - 2005. P 155 - 157.

*Ғылыми жетекші: А.Б Рысбекова, б.ғ.к., аға оқытушы*